

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бөліністерін техникалық құралдармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 484 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 мамырда № 18751 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бөліністерін техникалық құралдармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11757 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің бөліністерін жанармай қызметін техникалық құралдармен жабдықтау нормалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы







3	Жанармайға арналған сүзгі (ФГН-60-20 типті)	дана	-	-	-	-	3	3	7
4	Жанармайға арналған сүзгі (ФГН-60-5 типті)	дана	-	-	-	-	3	3	7
5	Жанармайға арналған сүзгі (ФГН-30-5 типті)	дана	-	-	-	-	3	3	7
6	Сүзгі (ФКФ-6-20 типті)	дана	-	-	-	-	3	3	7
7	Сүзгі (ФРГ-20 типті)	дана	-	-	-	-	3	3	7
8	Сүзгі-айырғыш	дана	-	-	-	-	3	3	7
7-тарау. Механикаландыру құралдары									
1	Жүк көтергіштігі 3 5 0 килограммнан кем емес, қол, электрлі немесе аралас жетекті бөшкекөтергіш (транспорттер)	дана	1	1	1	-	1	1	15
8-тарау. Қосалқы құралдар									
1	500 килограммға дейінгі тауар таразысы	дана	1	1	1	-	1	1	15
2	Шлангілі газтұтқыш (резервуарларды тазалау кезінде қолдануға арналған сүзу элементі бар ПШ-1, ПШ-2 типті)	дана	1	1	1	1*	2	2	7

Ескертпе:

\* - Контейнер типті автомайқуо станциясы бар жеке орналасқан бөліністердің жанармай қоймалары жабдықталады